

Бирманова Аксункар Исламбековнаның
«Қазақстан Республикасындағы және қазіргі әлемдегі адамның мәдени құқықтары мен бостандықтары (теориялық-құқықтық зерттеу)» тақырыбындағы «БД030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған докторлық диссертациясына ресми рецензенттің берген

ШКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми, мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Бүгінде мемлекеттердің жаһандық бәсекелестік дәуірінде тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін адам және азамат құқықтарын қалыптастыру және қорғау мемлекет пен құқық қызметінің негізгі бағытына айналды. Адамның мәдени құқықтары құқықтық сана мен заңдылықтың негізгі деңгейін, заңның жетілуі мен құқықтық-саяси тәжірибесін, құқық пен саясат аясындағы бүкіл құндылықты қамтитын қоғамдық мәдениеттің бір түрі ретінде зерделенеді.

Диссертациялық жұмыс адамның мәдени құқықтарының адам құқықтарының кез келген түрінен кем емес екенін және өмір сүру деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз ету үшін атқаратын маңызды рөлін айқындайды. Мәдени мұра мен мәдениет жетістіктерін қорғау адамның мәдени құқықтарын қамтамасыз етудің кепілі болып табылатыны диссертацияның өзектілігін тағы бір рет дәлелдейді. Қазіргі кезеңде мәдени құқықтар мен бостандықтар тобы экономикалық және әлеуметтік құқықтар тобымен біріктіріле қарастырылады, бұл әділетті емес. Өкінішке орай, ғалымдардың және тәжірибелі заңгерлердің назары экономикалық және әлеуметтік құқықтар мен бостандықтарға бағытталған, ал мәдени құқықтар шеттеп қалған. Диссертант мәдени құқықтарды әлеуметтік-экономикалық құқықтардан бөліп, жеке қарастыру және олардың ерекшеліктерін зерттеу қажеттілігі маңызды екенін нақтылай түседі.

Диссертациялық зерттеуде көтерілген мәселелер елімізде іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламаларға, атап айтқанда, «Рухани жаңғыру» бағдарламасына және Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасына сәйкес келеді.

Адамның мәдени құқығын қорғаудың түп негізі азаматтың тарихи, әлеуметтік-рухани дамуымен байланысты мәңгілік мәселенің бірі болып есептеледі. Адамның мәдени құқықтары адамзаттың тарихи дамуының өлшемі мен стандарты ретінде қалыптасып, қазіргі демократиялық қоғамның нормаларына айналғанын заманауи тұрғыдан зерттеу диссертациялық еңбектің өзектілігін арттырады.

Осы тұрғыда алғанда А.И. Бирманованың диссертациялық қолжазбасы маңызды әрі өзекті мәселені түбегейлі зерттеуге арналған жоғары деңгейдегі еңбек болып табылады.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны жүргізілген зерттеулердің жаңа ғылыми нәтижелерге ие екендігін көрсетеді. Ізденуші зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айтарлықтай тұжырымдаған, сондай-ақ қазіргі заманғы теориялық және тәжірибелік негіздерге сүйене отырып, төмендегідей маңызды нәтижелерге қол жеткізгендігін айтуға болады:

Бірінші нәтиже. Адамның мәдени құқықтарының авторлық анықтамасы ұсынылған.

Екінші нәтиже. Адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарының дамуы мен қалыптасуы қазіргі Қазақстан қоғамының саяси және әлеуметтік институттарын одан әрі демократияландырудың негізі және адам құқықтарының барлық буыны үшін когнитивті және коммуникативті базасы болып табылады деген тұжырым жасайды.

Үшінші нәтиже. Адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарының ғылыми жіктелуін келесі негіздер бойынша толықтыруды ұсынады: функционалды, идеологиялық және аксиологиялық.

Төртінші нәтиже. Адамның және азаматтың мәдени өмірге қатысу, мәдениетке қол жеткізу, мәдени құндылықтарды пайдалану құқықтарын конституциялық реттеудің әлемдік тәжірибесі негізінде Қазақстан Республикасының Конституциясында неғұрлым кең реттеу ұсынылады.

Бесінші нәтиже. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы «Мәдениет туралы» Заңының мазмұнына мәдени құқықтар саласындағы халықаралық актілердің нормалары мен ережелерін имплементациялау тұрғысынан жаңғырту ұсынылады.

Алтыншы нәтиже. Қазақстан Республикасында адамның және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын дамытудың ұлттық стратегиясын қабылдау қажеттігін негіздейді, стратегия жобасы әзірленген.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі мен шынайылық дәрежесі.

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен жасаған ғылыми тұжырымдарының шынайылығы және негізделуі теориялық-әдіснамалық негізделуімен, жұмыстың ғылыми ақпаратының айқындығымен және мақсат пен міндеттерінің қисындылығымен, тұжырымдарының деректік дәйектелуімен қамтамасыз етілген.

Бірінші нәтиже. Негізді, әрі шынайы. Себебі, адамның мәдени құқықтарына авторлық анықтама беру заңнамаларды зерттеу, отандық ғалымдардың зерттеулерін талдау нәтижесінде алынған.

Екінші нәтиже. Негізді, шынайы. Өйткені, адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарының қоғамды демократияландыру үрдісінің дамуына әсерін негіздейтін ғылыми әзірлемелерді, саяси және құқықтық доктриналарды саралау барысында талданған.

Үшінші нәтиже. Негізді, әрі сенімді. Себебі, адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарының ғылыми жіктелуі қолданыстағы заңнамаларды, халықаралық актілерді, теория мен тәжірибені зерттеу нәтижесінде алынған.

Төртінші нәтиже. Негізді, әрі шынайы. Өйткені, шетелдердің тәжірибесі негізінде, мәдени өмірге қатысу, мәдениетке қол жеткізу, мәдени құндылықтарды пайдалану құқықтарын конституциялық реттеудің Қазақстан Республикасының Конституциясында жеткіліксіздігі салыстырмалы талдау жүргізу нәтижесінде анықталған.

Бесінші нәтиже. Негізді, әрі сенімді. Себебі, қолданыстағы «Мәдениет туралы» Заңға халықаралық стандарттар мен реформаларды талдау барысында олардың тиімділігін ескере отырып, жаңашылдық енгізу қажеттігі негізінде алынған.

Алтыншы нәтиже. Негізді, әрі сенімді. Өйткені, еліміздің қолданыстағы заңдарды, бағдарламаларды, Қазақстан Республикасын дамыту Стратегияларын, отандық ғылыми еңбектерді зерделеу негізінде алынған.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші нәтиже – жаңа болып табылады. Себебі, адамның мәдени құқықтарының авторлық анықтамасы әзірленді. Зерттеуші мәдени құқықтың түсінігін өзіндік тұрғыдан анықтауға талпыныс жасаған.

Екінші нәтиже – ішінара жаңа болып табылады, өйткені диссертация авторы адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарының қалыптасуы мен дамуы адам құқықтарының барлық буыны үшін когнитивті және коммуникативті негіз болып табылады деген тұжырым жасаған.

Үшінші нәтиже – ішінара жаңа болып табылады. Себебі, адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарының қолданыстағы ғылыми жіктелуі келесі негіздер бойынша – функционалды, идеологиялық және аксиологиялық толықтырылған.

Төртінші нәтиже – жаңа болып табылады, өйткені зерттеуші мәдени өмірге қатысу, мәдениетке қол жеткізу, мәдени құндылықтарды пайдалану құқықтарына қатысты шет мемлекеттердің тәжірибесін еліміздің Конституциясына енгізу жолдарын ұсынған.

Бесінші нәтиже – жаңа болып табылады, өйткені мәдени құқық саласындағы халықаралық практиканы зерттей отырып, халықаралық стандарттардың озық тәжірибесін қолдану үшін Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылған.

Алтыншы нәтиже – жаңа болып табылады. Себебі, адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын дамытуға және іске асыруға ықпал ететін базалық саяси-құқықтық құжат ретінде Қазақстан Республикасында адамның және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын дамытудың ұлттық стратегиясын қабылдау қажеттігін негіздеген және оның жобасын ұсынған.

5. Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасы мен қазіргі әлемдегі адамның мәдени құқықтары мен бостандықтары саласындағы өзекті теориялық және практикалық мәселелердің жаңа шешімдері кешенін қамтитын, ішкі бірлікпен сипатталатын, аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Диссертациялық зерттеудің құрылымы зерттеудің сипаты, деңгейі, мақсаты және әдістемелік ерекшеліктері бойынша анықталады.

Зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттерін негізге ала отырып, бай деректік материалдар негізінде жасалған тұжырымдар мен қорытындылардан алынған нәтижелерді заң жобаларын дайындау және мәдени құқықты дамыту мен іске асыруға қатысты жобаларда қолдануға болады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктілігіне растама.

Зерттеудің негізгі мазмұны мен нәтижелері ғылыми және ғылыми практикалық басылымдарда жарияланған 19 мақалада, оның ішінде - шетелдік басылымдарда. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда, халықаралық конференцияларда және ғылыми журналдарда көрсетілген.

10 мақала – Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланды:

1. Адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарының заңдық табиғаты // Интеграциялық үрдістер ауқымында ұлттық заңнаманы үйлестіру: Халықаралық ғылыми –тәжірибелік конференция материалдары. -Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2017. -Б.164-168.

2. Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтардың мәдени құндылықтарға қол жеткізу құқығы // Конституциялық – құқықтық дамудың өзекті мәселелері: Қазақстан Республикасының елордасы –Астана қаласының 20 жылдығына арн. Халықарал. ғыл.-практ. конф. материалдары.-Қарағанды:ҚарМУ баспасы, 2018.-Б.105-108.

3. Адамның мәдени құқығының түсінігі, мәні және қалыптасуы // Заманауи әлемдегі ғылым мен білім. Халықарал. ғыл.- тәжір. конф. материалдары.-Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ, 2018.-Б.57-62.

4. Concept and signs of major cultural human rights in the successful world // Science and education in the modern world. Materials of the international scientific – practical conference.-Karagandy: EPD «Bolashak-Baspa», 2018.-P.62-66.

5. Білім беру құқығының мәдени құқықтар жүйесіндегі орны // Ғылым және білім — қазіргі жағдайдағы қоғам дамуының маңызды факторы: V Халықарал.ғылыми-практ.конф. материалдары.- Қарағанды: «Кент LTD» баспасы, ЖШС «Досжан» баспахана, 2018.-Б.80-83.

6. Қазақстан Республикасында адамның мәдени өмірге қатысу құқығын қамтамасыз ету мәселелері // Әскери, арнаулы оқу орнындағы жаңа гуманитарлық білім. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына және «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері»: жыл сайынғы Жолдауына арн. Халықарал. ғыл.-тәжір. конф. материалдары.-Астана: Құқық қорғау органдары академиясы, 2018.-Б.178-187.

7. Адамның мәдени құқықтары мен бостандықтары институтының тарихи дамуының негізгі кезеңдері // Ұлттық құқықтық сананы жаңғырту жағдайындағы Қазақстанның құқықтық жүйесі: Халықарал. ғыл.-тәжір.конф. материалдары. -Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018.-Б.218-221.

8. Адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелері // Конституция: құқық үстемділігінің, азаматтық қоғам мен заманауи мемлекеттің құндылықтарын іске асыру: Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған Халықарал. ғыл.- тәжір. конф. материалдары.-Астана, 2018.-Б.321-328.

9. Роль культурных прав в системе прав человека // Science and civilization. – 2019: Materials of the XV International scientific and practical Conference, (30 January - 07 February). -Volume 8. Political science. Law. Philosophy. – Sheffield: “Science and education” LTD, 2019. – С. 17-22.

10. Cultural rights as a separate category of human rights system // Strategiczne pytania światowej nauki. – 2019: Materiały XV Międzynarodowej naukowo-praktycznej konferencji. - Volume 5. - Przemysł: “Nauka i studia”,2019.- S.23-27.

4 мақала - ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетімен ұсынылған журналдарда жарияланды:

1. Cultural rights as an integral part of the human rights // Қарағанды университетінің Хабаршысы. - Құқық сериясы.-2018.- № 1(89). -Б.30-38.

2. Cultural rights in the human rights system: issues of theory // Қарағанды университетінің хабаршысы. -Құқық сериясы. -2018.- № 4 (92). –Б.99-106.

3. Адамның мәдени құқықтарын қорғаудың ұлттық және халықаралық тетіктері // Қарағанды университетінің хабаршысы. -Құқық сериясы. -2019.- № 2 (94). –Б.145-152.

4. Cultural rights and freedoms of the individual enshrined in the Constitution abroad: a comparative analysis // Қарағанды университетінің хабаршысы. - Құқық сериясы.-2020.- № 1(97). –Б.37-43.

2 мақала – Scopus деректер базасында тіркелген және индекстелетін журналдарда жарияланды:

1. Legal Content and the Issues of Classification of Socio-economic Human Rights // Journal of Advanced Research in Law and Economics.-2017.- Vol.8. –Issue 7. – P. 2078-2085.

2. Cultural Human Rights and the Problems of their Implementation in the Modern World // Journal of Advanced Research in Law and Economics.-2018.- Vol.9. – Issue 5. –P. 1591-1603.

3 мақала – ғылыми журналдарда жарияланды:

1. Білім алу құқығы адамның мәдени құқығының бірі ретінде // ҚЭУ Жаршысы. Экономика, философия, педогогика, юриспруденция.- 2017.- № 4(47). – Б.194-200.

2. Теоретико-правовой анализ культурных прав человека // Республика Казахстан в условиях модернизации национального законодательства: Сборник научных трудов.-Қарағанды: ЖШС «TENGRİ», 2018.-С.93-97.

3. Prospects and problems of the cultural human rights development // News of Science and Education – Sheffield, 2018. - №2 (58). -P.27-32.

7. **Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.** Диссертация жоғары бағаға лайықты, дегенмен бірлі-жарымды ұсыныстарды талап етеді:

1) Адамның мәдени құқықтарын жіктеу жүйесінің толықтығы үшін адамның мәдени құқықтарының кешенін мәдени мұраға қол жеткізу және мәдени мұраны қорғау сияқты құрамдастармен толықтыру орынды деп санаймын.

2) Жұмыста жаһандану және оның мәдени құқықтардың дамуына әсерін қарастыру барысында, қоғамда қызу пікірталас тудырып отырған ұлттық құндылықтарға белгілі бір деңгейде ықпал ететін заң жобаларына, оның негізгі ережелеріне қатысты, батыста кең таралған мәдени ұстанымдардың біздің елімізде адам және азаматтың мәдени құқықтарына жағымды-жағымсыз әсеріне нақты мысалдар келтіре отырып, өзіндік пікірді тереңдете қарастырып талдағанда еңбектің өзектілігі арта түсер еді.

Жоғарыда келтірілген ескертулер мен ұсыныстар диссертациялық зерттеу жұмысының құндылығын, мәнін және ғылыми маңыздылығын төмендетпейді, тек ғана ұсыныстық сипатта болып табылады.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертацияның алға қойған міндеттері шешімін тауып, мақсаты орындалған. Жұмыста қазіргі заманғы талаптарға сай келетін теориялық және практикалық маңызы жоғары мәселелер ғылыми шешімін тапқан.

Аталған диссертация диссертациялық жұмысты рәсімдеу талаптарына сай жазылған. Ғылыми зерттеу нәтижелері мен ұсыныстары негізді, әрі дәйекті.

Ізденуші Бирманова Аксункар Исланбековнаның «Қазақстан Республикасындағы және қазіргі әлемдегі адамның мәдени құқықтары мен бостандықтары (теориялық-құқықтық зерттеу)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары бағалауға лайықты және «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

заң ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
заң факультеті, мемлекет және құқық теориясы
және тарихы, конституциялық және әкімшілік
құқығы кафедрасының профессоры



Ибраева А.С.

